



ҒЫЛЫМИ КЕҢЕС ШЕШІМІ

Алматы қ.

25 тамыз 2020 ж.

Ғылыми кеңестің Төрағасы,
з.ғ.к., профессор – Буянский С. Г.

Ғылыми кеңестің ғылыми хатшысы,
э.ғ.к., доцент – Салимбаева Р.А.

Катысқандар: Ғылыми кеңестің 27 мүшесінің 25 қатысты,
Университет оқытушылары мен қызметкерлері

КҮН ТӘРТІБІ

1. Университеттің 2020/2021 оку жылына арналған міндеттері туралы (баяндамашы: ректордың м.а. С. Г. Буянский).
2. «Нархоз университеті» КЕАҚ Ғылыми кеңесінің мүшелерін сайлау және бекіту жыл (баяндамашы: ректордың м.а. С. Г. Буянский).
3. Ғылыми кеңестің ғылыми хатшысын сайлау, Ғылыми кеңес төрағасының орынбасарын тағайындау (баяндамашы: ректордың м.а. С. Г. Буянский).
4. Ғылыми кеңестің 2020/2021 жылға арналған жұмыс жоспарын бекіту (баяндамашы: ғылыми хатшы Р.А. Салимбаева).
5. 2020/2021 оку жылындағы оқу-әдістемелік жұмыс жоспарын бекіту туралы (Баяндамашы: оқу-әдістемелік басқармасының бастығы Н.В. Даљке).
6. 2019/2020 оку жылындағы жұмыс қорытындылары және лингвистикалық орталықты дамытудың басым бағыттары туралы (Баяндамашы: Лингвистикалық орталықтың директоры Н.Ә. Әубекір).
7. 2020/2021 оку жылына арналған жалпы университеттік ғылыми ішшаралар тізбесін бекіту туралы (баяндамашы: Академиялық қызмет жөніндегі проректордың орынбасары А.Ж. Райымжанова).
8. Әртүрлі.
 - 8.1. «Нархоз университеті» КЕАҚ академиялық саясатына өзгерістер енгізу туралы (баяндамашы: Академиялық қызмет жөніндегі проректор Өмірзақов С.Ы.).
 - 8.2. «Нархоз университеті» КЕАҚ-да білім алушының жеке білім беру траекториясын таңдау тетіктерін енгізуудің Жол картасын бекіту туралы (баяндамашы: Академиялық қызмет жөніндегі проректор Өмірзақов С.Ы.).

8.3. Мемлекеттік грант иегерлері үшін GPA аудыс балының өзгеруі туралы (баяндамашы: Академиялық қызмет жөніндегі проректор Өмірзақов С.Ы.).

8.4. Бакалавриат және магистратура білім беру бағдарламаларында аралық аттестаттауды (пәндердің қорытынды емтихандарын) ұйымдастыру және өткізу туралы ережені бекіту туралы (баяндамашы: Академиялық қызмет жөніндегі проректор Өмірзақов С.Ы.).

8.5. Білім алушыларға стипендия тағайындау және төлеу ережесін бекіту туралы (баяндамашы: Академиялық қызмет жөніндегі проректор Өмірзақов С.Ы.).

8.6. Бейіндік және ғылыми-педагогикалық магистратура бағдарламаларына түсушілер үшін Пререквизиттер пәндерінің тізбесін бекіту туралы (баяндамашы: Академиялық қызмет жөніндегі проректор Өмірзақов С.Ы.).

8.7. «Нархоз университеті» КЕАҚ-да білім алушыларды аралық аттестаттауды өткізу Ережесіне өзгерістер енгізу туралы (баяндамашы: оқу-әдістемелік басқармасының бастығы Н.В. Даульке).

8.8. «Нархоз университеті» КЕАҚ-да білім алушыларды қорытынды аттестаттауды өткізу Ережесіне өзгерістер енгізу туралы (баяндамашы: оқу-әдістемелік басқармасының бастығы Н.В. Даульке).

8.9. Білім беру бағдарламаларын әзірлеу жөніндегі регламентке өзгерістер енгізу туралы (баяндамашы: оқу-әдістемелік басқармасының бастығы Н.В. Даульке).

8.10. Дипломдық жұмыстарды / жобаларды дайындау және орындау жөніндегі ережеге өзгерістер енгізу туралы (баяндамашы: оқу-әдістемелік басқармасының бастығы Н.В. Даульке).

8.11. Магистрлік диссертацияларды/жобаларды дайындау және орындау жөніндегі ережеге өзгерістер енгізу туралы (баяндамашы: оқу-әдістемелік басқармасының бастығы Н.В. Даульке).

8.12. Өзгерістер мен толықтырулар енгізе отырып плагиатты анықтау және болдырмау жөніндегі регламентті бекіту туралы (баяндамашы: оқу-әдістемелік басқармасының бастығы Н.В. Даульке).

8.13. «Ғылыми кітапхана» ғылыми-ақпараттық орталығын дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған стратегиялық бағыттарын бекіту туралы.(баяндамашы: ғылыми кітапхана – F3O директоры Ж. М. Мырзабаева).

8.14 Ғылыми кітапхананың ғылыми-ақпараттық орталығының қорынан жоғалған, өзекті емес әдебиеттерді есептен шығару жөніндегі комиссияның жұмысы туралы ережені бекіту туралы (баяндамашы: ғылыми кітапхана – F3O директоры Ж. М. Мырзабаева).

8.15 Ғылыми кітапхананың ғылыми-ақпараттық орталығының қоры үшін баспа және электрондық ресурстарды сатып алу жөніндегі комиссияның жұмысы туралы ережені бекіту туралы (баяндамашы: F3O директоры – ғылыми кітапхана Ж. М. Мырзабаева).

8.16 Бакалавриат, магистратура және докторантурасы МАК төрағаларының есептерін бекіту туралы (баяндамашылар: мектеп декандары, «Докторантурасы» ГБД директоры Арыстанбаева С. С.);

8.17 2019/2020 оку жылының жазғы семестрінде «Қазақстанның қазіргі заман тарихы» пәні бойынша №1 МЕК жұмысы туралы есепті бекіту туралы (баяндамашы: «Жалпы білім беретін пәндер» ГБД директоры Л. Н. Гостенко).

Күн тәртібі бойынша ҒЫЛЫМИ КЕҢЕС ШЕШІМІ

1. 2020/2021 оку жылына арналған университет міндеттерінің тізбесі бекітілсін.

2. Дауыс беру қорытындылары туралы есеп комиссиясының хаттамасы бекітілсін және «Нархоз университеті» КЕАҚ Ғылыми кеңесінің 27 адамнан тұратын жаңа құрамы бекітілсін.

3. Ғылыми кеңестің ғылыми хатшысы болып Ә. Ғ. Қ., доцент Салимбаева Расима Аменқызы сайлансын. Ғылыми кеңес төрағасының орынбасары болып Ә. Ғ. Қ., профессор, Академиялық қызмет жөніндегі проректор Умирзаков Самажан Ынтықбайұлы тағайындалсын.

4. Ғылыми кеңестің 2020/2021 жылға арналған жұмыс жоспары бекітілсін.

2.1 Осы шешімнің орындалуын бақылау ғылыми кеңес төрағасының м.а. жүктелсін.

5. 2020/2021 оку жылына арналған оқу-әдістемелік жұмыс жоспары бекітілсін.

3.1 Осы шешімнің орындалуын бақылау ғылыми кеңес төрағасының м.а. жүктелсін.

6. Лингвистикалық орталық директоры Н. Э. Әубәкірдің «2019/2020 оку жылындағы жұмыс қорытындылары және Лингвистикалық орталықты дамытудың басым бағыттары туралы» есебі бекітілсін.

6.1 Лингвистикалық орталықтың директоры Н. Э. Әубәкір:

6.1.1 Онлайн және оффлайн режимде оқыту кезінде шет тілі бойынша қажетті білім мен дағыларды алуда білім алушылардың қажеттіліктерін сапалы қанағаттандыру үшін **2020 жылдың 1-ші қараша дейінгі мерзімде жағдай жасалынсын.**

6.1.2 Шетел тілдерінің оқытушыларына арналған халықаралық сертификаттары бар ЛО ПОҚ санын, оның ішінде CELTA, TKT, TESOL, TEFL және т.б. **2021 жылдың 1-ші маусымға дейін арттырылсын.**

6.1.3 Алматы қаласының мектептерінен және басқа да жоғары оку орындарынан ЛО ПОҚ-ның оқытушылары мен шет тілдерінің оқытушылары үшін мастер-класстар өткізу жоспары **2020 жылдың 1-ші қараша дейінгі мерзімде ұсынылсын.**

6.1.4 ЛО оқытушыларын оқыту және олардың қабілеттерін дамыту үшін халықаралық әріптестермен (Британдық Кеңес, АҚШ Мемлекеттік департаменті, English Австралия) ынтымақтастық **2021 жылдың 1-ші маусымға дейін** кеңейтілсін.

6.1.5 Пәндерді ағылшын тілінде оқыту үшін 20 пән мұғалімдерін даярлау бойынша жоспары 2022-2023 оқу жылының басына дейін іске асыруы басталынын.

6.2 Осы шешімнің орындалуын бақылау Академиялық қызмет жөніндегі проректор С.Ы. Умирзаковқа жүктелсін.

7. 2020/2021 оқу жылына арналған жалпы университеттік ғылыми ісшаралар тізбесі бекітілсін.

7.2 Осы шешімнің орындалуын бақылау Академиялық қызмет жөніндегі проректор С.Ы. Умирзаковқа жүктелсін.

8. Әртүрлі.

8.1 9-тармаққа өзгерістер енгізе отырып, «Нархоз университеті» КЕАҚ академиялық саясатын бекіту білім алушыларды аралық аттестаттау: қорытынды бақылау шенберінде оқу жетістіктерін бағалау пәнішілік бақылау мен аралық аттестаттау бағаларынан құралады, бұл ретте пән бойынша қорытынды бағалауда пәнішілік бақылау салмағы 40% - ды құрайды, қорытынды емтиханның Салмағы 60% - ды құрайды. Емтиханға жіберу рейтингісінің он бағасын (50 балдан жоғары) алған университет білім алушылары жіберіледі. Оқу пәні бойынша қорытынды бағадағы бір САБ үлесі 20% құрайды.

8.2 «Нархоз университеті» КЕАҚ білім алушының жеке білім беру траекториясын таңдау тетіктерін енгізуін Жол картасы бекітілсін.

8.3 Мемлекеттік білім грантында оқытын бакалавриат студенттері үшін курстан курсқа бекітілген ең төменгі ауысу балдары (GPA) 2020-2021 оқу жылына арналған өзгерілсін:

- 1-ден 2-курсқа-1,5;
- 2-ден 3-курсқа - 1,67;
- 3-тен 4-курсқа дейін-1,7.

8.4 Бакалавриат және магистратура білім беру бағдарламаларында аралық аттестаттауды (пәндердің қорытынды емтихандарын) ұйымдастыру және өткізу туралы ереже бекітілсін.

8.5 Білім алушыларға стипендия тағайындау және төлеу Ережесі бекітілсін.

8.6 Бейіндік және ғылыми-педагогикалық магистратура бағдарламаларына түсушілер үшін пререквизиттер пәндерінің тізбесі бекітілсін (қосымша хаттамада).

8.7 «Нархоз университеті» КЕАҚ-да білім алушыларды аралық аттестаттауды өткізу Ережесі бекітілсін.

8.8 «Нархоз университеті» КЕАҚ-да білім алушыларды қорытынды аттестаттауды өткізу Ережесі бекітілсін.

8.9 Білім беру бағдарламаларын әзірлеу бойынша Регламент өзгерістер енгізе отырып бекітілсін.

8.10 Дипломдық жұмыстарды/жобаларды дайындау және орындау жөніндегі Ереже өзгерістер енгізе отырып бекітілсін.

8.11 Магистрлік диссертацияларды/жобаларды дайындау және орындау жөніндегі Ереже өзгерістермен бекітілсін.

8.12 Плагиатты анықтау және болдырмау жөніндегі Регламент өзгерістер мен толықтырулар енгізе отырып бекітілсін.

8.13 «Ғылыми кітапхана» ғылыми-акпараттық орталығын дамытудың стратегиялық бағыттарын бекіту туралы» мәселені тындауды Ғылыми кеңестің келесі отырысына ауыстырылсын.

8.14 «Ғылыми кітапхана» ғылыми-акпараттық орталығының қорынан жоғалған, өзекті емес әдебиеттерді есептен шығару жөніндегі комиссияның жұмысы туралы ереже» бекітілсін.

8.15 «Фылыми кітапхана» фылыми-ақпараттық орталығының қоры үшін баспа және электрондық ресурстарды сатып алу жөніндегі комиссияның жұмысы туралы ереже» бекітілсін.

8.16 Бакалавриат, магистратура және докторантура МАК төрағаларының есептері бекітілсін.

8.17 2019/2020 оқу жылының жазғы семестріндегі «Қазақстанның қазіргі заман тарихы» пәні бойынша №1 МАК жұмысы туралы есеп бекітілсін.

Ғылыми кеңес Төрағасы, З. Ф. К., профессор



С. Г. Буянский

Фылыми кеңестің фылыми хатшысы,
Э.Г.К., доцент

Р.А. Салимбаева